

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ**

**«ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» КАФЕДРАСЫ**

**ЖАНГОЗИЕВА М.С.**

**ЗАҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ**

*Әдістемелік нұсқау*

*(заңгер мамандығы бойынша күндізгі және сырттай оқу бөлімінің  
студенттеріне арналған көмекші құрал)*

АҚТАУ – 2011

ӘОЖ 159.9: 34 (072)

ҚҰРАСТЫРҒАН: Жангозиева М.С. Заң психологиясы. Әдістемелік нұсқау. – Ақтау: - КМТЖИУ, 2011, 35б.

РЕЦЕНЗЕНТ: п.ғ.к., доцент А.Қ. Егенисова

Әдістемелік нұсқауда заң психологиясын оқып- үйрену аясында адам және оның басқа адамдармен, қоғаммен құқықтық қатынасы, құқық және заң психологиясының пәні, құқықтық сана, қылмыс түрлері, сот тергеу әрекеті, сот өндірісі, түзеу психологиясы, заңгер психологиясы т.б. туралы қысқаша дәрістер берілген. Студенттердің заң психологиясы туралы түсініктерін жүйелеп, құқықтық саладағы кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтуге көмек береді.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға жіберілді.

© Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2011

## Алғы сөз

«Заң психологиясы» пәнін оқып-үйрену - заң психологиясының зерттеу объектісі туралы білімдер, яғни, адам және оның басқа адамдармен, қоғаммен, табиғатпен құқықтық қатынасы; құқық және заң психологиясының пәні-құқық арқылы реттелетін адамның іс-әрекетінің психологиялық механизмдері мен заңдылықтар жүйесі туралы білімдерді қалыптастырады.

«Заң психологиясы» пәнін оқытудың мақсаттары:

- студенттерді заңгер кәсіптік қызметтің психологиясының негіздемелеріне үйрету және олардың құқықтық саладағы кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту.
- субъектінің іс-әрекеті, танымы және қарым-қатынасы ретінде адамды психологиялық тұрғыдан талдау;
- негізгі психологиялық ұғымдар, оның анықтамаларымен таныстыру және олардың мазмұны мен мәнін түсіну;
- оқу-танымдық іс-әрекет барысында алған білімдерді өз бетінше пайдалану;
- болашақ практикалық іс-әрекетінде психологиялық білімдерді қолдану.
- заңгерлік мамандықтың қыр-сырын терең игерулері үшін қажетті білімдерді меңгерту;
- заң психологиясының ғылымдар жүйесі мен әлеуметтік тәжірибедегі алатын орнын нақты айқындау;
- заң психологиясындағы түрлі ағымдармен концепциялармен таныстыру;
- студенттерді Заң психологиясы бойынша алған білімдерін күнделікті тұрмыста, кәсіби іс-әрекетте пайдалануға және осы ғылым саласында өз бетінше терең білім алуға мүмкіндік береді.

Іргелес пәндер тізімі: жалпы психология, әлеуметтік психология, құқық негіздері. Заң психологиясын оқып үйренуге қажетті пәндер тізбегі: заң психологиясы пәнін оқып-үйрену мектептегі биология, қоғамтану және университеттің алғашқы сатысындағы пәндер: құқық негіздері, әлеуметтік психология, сияқты пәндермен алынған білімдерге негізделеді.

- заңгер студенттердің назарын психологияға аударту;
- құқықтану сферасындағы студенттердің психологиялық мүмкіндіктеріне қызығушылығын туғызу;
- психология мен құқықтану байланыстарын түсіндірі;
- заңгерлер үшін психология білімінің қажеттілігін түсіндіру;
- құқықтық проблемаларды психологиялық бағытпен шешу қабілетін дамыту;

Бұл курсты оқып-үйрену аясында заң психологиясының зерттеу объектісі туралы білімдер, яғни адам және оның басқа адамдармен, қоғам, табиғатпен құқықтық қатынасы; құқық және заң психологиясының пәні-құқық арқылы реттелетін адамның іс-әрекетінің психологиялық механизмдері мен заңдылықтар жүйесі туралы білімдерді қалыптастыру қарастырылады. Осыған орай, бұл курста құқықтық сана, ауытқымалы және қылмыстық жүріс-тұрыс, сот-тергеу әрекеті мен сот өндірісі, әлеуметтік реабилитация мен түзету психологиясы бойынша білімдер жүйесі берілуі қажет.

Заң психологиясы пәнінің тезисі-құқық, іс-әрекет, жүріс-тұрыс субъектісі ретіндегі жеке адам болуы қажет.

Заң психологиясының ғылымдар жүйесі мен әлеуметтік тәжірибедегі алатын орнын нақты айқындау қажет.

Заң психологиясындағы түрлі ағымдармен концепциялармен таныстыру; Студенттерді «Заң психологиясы» пәні бойынша алған білімдерін күнделікті тұрмыста, кәсіби іс-әрекетте пайдалануға және осы ғылым саласында өз бетінше терең білім алуға үйрету болып табылады.

Пәнді оқыту студенттерді заң психологиясының негіздемелеріне үйрету және олардың құқықтық саладағы кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту.

### **Заң психологиясы пәні, зерттеу әдістері**

Қоғамдағы адам өмірі көптеген жазылған және жазылмаған нормаларға тәуелді. Қоғамның негізгі міндеті- өмір сүріп отырған қоғам талап етіп отырған мінез – құлық нормаларымен үлгілеріне сай жеке адамды қалыптастыру. Заң психологиясы мен заңтануды біріктірген қолданбалы білім саласы болып табылады. Заң психологиясы пән ретінде заң аясында пайда болған психикалық құбылыстардың даму заңдылықтарын үйрету болып табылады. Заң психологиясы ғылым ретінде өзінің алдына біршама міндеттер қояды. Оларды *жеке және жалпы* деп топтастыруға болады.

**Жалпы міндеттеріне:** заң және психологиялық білімдерге синтез жасау. Заң категорияларының іргелі психологиялық мәнін ашу болып табылады.

#### **Жеке міндеттеріне:**

1. заң нормаларының тиімділігінің психологиялық шарттарын зерттеу.
2. қылмыскерді психологиялық тұрғыдан зерттеу, қылмыстық мінез – құлықтың мотивтерін ашу.
3. қылмыстың алдын алудың қоғамдық психологиялық негізін әзірлеу.
4. түрлі заң қорғау іс - әрекетінің психологиялық заңдылықтарын зерттеу (тергеушінің, прокурордың, судьяның т.б.)
5. түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың түзету мен қайта тәрбиелеу шараларының психологиялық заңдылықтарын зерттеу.
6. заң орындары қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруда, ұсыныстар әзірлеу.

Заң психологиясын мынадай бөлімдерге бөліп қарастырамыз.

1. **Әдіснамалық бөлім** – заң психологиясының пәні, мақсаты, тәсілдері және даму тарихы жөнінде.
2. **Құқықтық психология** – қоғамдағ әлеуметтік – психологиялық аспектілерді қарастырады.
3. **Қылмыстық психология** – бұл бөлімде қылмыскерлердің психологиялық ерекшеліктері, қылмыскер мінез – құлық мотивтері және қылмыстық топтардың психологиясын ашуын қарастырады.
4. **Тергеу психологиясы** – қылмысты іздестіру мен оны ашу аспектілерінің психологиясын қарастырады.
5. **Сот психологиясы** – сот психологиясының аспектілерін сот психологиялық зерттеулердің проблемаларын қарастырады.

6. *Түзеу іс - әрекетінің психологиясы* – жазаның психологиялық аспектілерінің бейімділіктерін, жазалаудың психологиялық проблемаларын, сотталғандардың жазасын өтеп болғаннан кейін қоғамға бейімделу жағдайларын қарастырады.

Әрбір ғылымда пәніне және ғылыми зерттеу әдістеріне қатысты өзіндік талаптар болады: оқыту құбылысы өзіндік ортасында зерттелуі қажет. Зерттеу мақсатына орай заң психологиясы зерттеу әдістерін негізгі 3 топқа бөледі:

1. ғылыми зерттеу әдістері
2. жеке тұлғаға әсер ететін психологиялық әдістер
3. сот психологиясының экспертизалық әдістері.

Заң психологиясында зерттелетін әдістер. Олар:

- адам іскерлігін талдау әдісі
- іс қағаздарын психологиялық талдау әдісі
- контент- анализ
- биографиялық

Психологиялық талдау жүргізгенде мыналарды ескерген жөн:

1. *Қоғамдық демографиялық жағдайлары* – туған жері, білімі, туған жылы, ұлты, мамандығы, кәсібі, отбасы, материалдық жағдайы;
2. *Қылмыстық құқық жағдайы* – қандай статьямен кесілген, сот қандай шешім шығарған, нешінші рет сотталып жатыр, қай жерде өтеген т.б;
3. *Медициналық жағдайы, физикалық және психологиялық денсаулығы* – отбасы мүшелерінің психологиялық жағдайы т.б;
4. *Сыртқы белгілері* – беті, бойы, салмағы, дауысы, киімі, шашы т.б;
5. *Өмірлік жағдайлары* – достары, мектептік жағдайлары, сүйіктілері, еңбек әрекеті т.б;
6. *Өмір сүруі* – қоршаған ортасында қандай әрекеттермен айналысады т.б;
7. *Мінез – құлқы* – характері;
8. *Жеке адам болып қалыптасуындағы жағдайы* – қызығушылығы, хобби т.б;
9. *Интеллектуалдық біліктілігі* – білімі, ақыл – ойы т.б,
10. *Темперамент*

**Заң психологиясы психологиядағы негізгі әдістерді қолданады:**

1. Бақылау әдісі
2. Анкеталық әдісі
3. Интервью әдісі
4. Эксперимент әдісі

*Бақылау әдісі* – Бақылау әдісінің маңызы, бақылап тұрған адамның іс - әрекетіне кедергі келтірмейді. Жақсы нәтижеге жету үшін мына шарттар орындалуы шарт:

- а) бізді қызықтыратын немесе бізге керекті заңдылықтарды анықтап алып соны бақылау;
- б) бақылау бағдарламасы және жоспарын құру;

в) зерттеу нәтижелерін дұрыс жазып алу;

г) бақылаушының орнын және сол ортадағы оның ролін анықтау.

Бақылау қорытындыларын тергей отырып, техникалық әдіс- тәсілдерді қолдануға болады, ең бастысы бақылаушының адамдармен қарым – қатынасқа түскенде сөйлеуін магнитофонға жазып алу. Жекелеген жағдайда фотоапаратпен, видеоға түсіру тиімді. Осы аталғандар тек заң аймағында ғана қолдануға тиісті.

Бақылау әдісін тек қана психолог емес, сонымен бірге заң аясында жұмыс жасайтын қызметкерлерде зерттеу жүргізе алады. Оның себебі қылмысқа қарсы ақпаратты жинау болып табылады. Ақпарат алу барысында тергеуші күдіктінің бет әлпетіне, мимикасына, жестіне аса көп назар аудару керек.

**2. Анкеталық әдісі** – бұл әдіс бір бағыттағы сұрақ бойынша жасалынады және ол бір топ адамдарына қолданылады, яғни оның мақсаты зерттелушілерден көбірек дәлелдер алуды талап етеді. Алынған дәлелдерге (материалдарға) статистикалық өңдеу мен талдау жасалынады. Қазіргі уақытта анкеталық әдісті қылмыстың алдын – алу мақсатында жұмыскерлерге қолданылады.

**3. Әңгімелеу әдісі** – қосымша әдіс ретінде пайдаланылады. Әңгімелесу әдісі зерттеу жүргізілгеннен бастап қолданылады, оның мақсаты жұмыстың жалпы бағыты мен болжамын жасау болып табылады. Әңгімелесе отырып тергеуші қылмыскерден жасаған қылмысы жөнінде толық және нақты ақпарат алады. Әңгіме жүргізбес бұрын тергеуші сұрақтарды реттейді, сұрақтары қысқа әрі түсінікті болуы қажет.

**4. Эксперимент әдісі** – зерттеуші зерттелушінің психикалық процесс өзгешеліктерінен сыртқы стимулдық, тәуелділіктерін зерттейді. Эксперимент әдістерінің бақылау әдістерінен айырмашылығы, бақылау әдістерінде бақылаушы зерттелушінің психикалық құбылысын қашан болатынын күтеді, ал эксперимент әдісінде зерттеуші жағдайды өзгерте отырып, зерттелушінің алдын – ала керекті психикалық процесін таба алады. Сот психологиясында табиғи және лабораториялық эксперимент кең көлемде қолданылады. Лабораториялық эксперимент көбінесе ғылыми зерттеулерде, сонымен бірге соттық психологиялық экспертиза жүргізілген кезде қолданылады. Осы әдістемелерде алынған қорытындыларға терең талдау жасау керек.

Заң психологиясы ғылымның жас тармағы ретінде болса да негізгі түп тамыры тереңде жатқан ғылым болып табылады. Шындығында, антикалық орта ғасырдағы сот процесінде негізгі дәлел күмәнданушылық және қылмыскердің жеке өзінің мойындауы болған. Сол кездерде адамдарды жауап беруге мәжбүрлеу үшін арнайы шоктік жағдай жасалған, сонымен қатар, зерттелу жағдайына байланысты адамның өз сенімдерін айтуға итермелеген. Мысалы: күмәнданушыны тосыннан кішкене қараңғы бөлмеге алып келген, ол бөлмеде өліп қалған адамның денесі жатыр. Күмәнданушыны шындықты айтуға солай мәжбүрлеген.

Заң психологиясына бағытталған бірнеше жұмыстар Ресейде ХІХ ғасырдың 10 жылдығында пайда болды. ХХ ғасырдың 10 жылдығында заң психологиясында эксперименталды зерттеулерге үлкен назар аударылды.

Заң психологиясы батыс Европа елдерінде дамуы алғашқыда сот және қылмыскер психологиясы негізінде дамыды. Алғаш психологиялық таным, қылмыстық сот ісін жүргізуде Германияда ХҮІІІ ғасырдың соңында қолданысқа ене бастады.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың соңы Ресейде психология, психиатрия, және құқық салалары қарқынды дамыды. Г.И. Ковалевский 1899 жылы заң психологиясы мен психопатология ғылымдарын заң ғылымында курс ретінде қоюды ұсынды.

1912 жылы Германияда заң саласында конгресс өткізілді. Бұл конгрессте «сот психологиясының» міндетті түрде заңгерлерге білім берудегі маңыздылығын атап өтті.

1874 жылы Қазаннан алғаш рет жарық көрген А.А.Фрезенің «Сот психологиясының очерктерінде» қылмыстық құқықтық түсініктерге психологиялық тұрғыдан талдау жасалынған.

1907 жылы В.М.Бехтеревтің басшылық жасауымен Санкт-Петербургте психоневрологиялық ғылыми институты құрылып, онда сот психологиясынан курс ашылды.

1925 жылы Москва мемлекетінде Заң институты ашылды. Онда қылмыс пен қылмыскерлер зерттеу жөнінде, сонымен қатар әр қалаларда заң кабинеттері ашылды.

Қорыта келгенде заң психологиясының пәні – комплексті құбылыс, яғни заң психологиясының пәні тек қана осы сферадағы таным технологияларын немесе процесстер жиынтығын қамтып қана қоймай, сонымен қатар біріңғай емес пәннің өзіндік танымын да қамтиды.

А.Р.Ратишов өзінің алғашқы жұмыстарында, былай деп көрсеткен: сот психологиясының пәні психикалық құбылыс негізінде алға шығады деген.

Ал заң психологиясына өз үлесін қосқан А.В. Дулов былай деген, яғни барлық ғылымдағы пәндердің өзіндік белгілері бір топтың заңдылықтары болады және осы заңдарды оқытады.

Заң психологиясы аясындағы теоретик В.И. Васильев былай тұжырымдаған, яғни заң психологиясының пәні құқықтық қатынас саласындағы жеке адам тұлғасымен және де психологиялық заңдар қызметі негізінде құрастырылады деген. Адам қоғамының заңсыз өмір сүре алмайтыны белгілі. Ал қоғамның барлық өмір аяларында болып жататын құбылыстардың бәрін заңмен басқару үшін қажетті нормативті актілердің саны қанша болуы керектігін ешкім де дәл тауып айта алмас еді. Құқықтық мемлекеттің ең басты және айқын белгісі- заң бәрінен де жоғары тұрып, қоғамдық өмірде үстемдік етеді. Қоғамдық өмірдің барлық маңызды жақтары заң арқылы реттеліп отырады. Сондықтан заң психологиясын оқытудың маңызы зор.

### **Азаматтық қауымдағы құқықтың психологиялық фактор ретіндегі қалыптасуы**

Азаматтық құқық әлеуметтік қатынасын, жүйесін реттейді. Өнімдік – ақшалай қатынасы, эквиваленттік – қатынас ( алып – сату, айырбастау, әкелу, сый ақысына әртүрлі қызмет түрлерін көрсету және т.б. Қауымдық шығаруда

қатысуы, бөлінуі, айыру мен қолдануда адамның көбі өзінің көңілі психореттегі ерекшеліктерге аударды. Олар өз мақсатына жетуде әлеуметтік қарым – қатынасты, азаматтық қатынасқа түседі. Бұл қатынастың құқықтық және психологиялық табиғаты бар.

Азаматтық құқықтар тең құқылы және бір –біріне тәуелді емес субъектінің қатынасын реттейді.

Азаматтық құқықтағы қатынастың көп бөлігін мүліктік қатынастар реттейді. Мүліктік қатынастар – бұл адамның мүлікке жеке меншік қатысты қарым – қатынасы.

Адамның затқа, мүлікке, жеке меншік заттарға деген қатынасы - әлеуметтік қатынастың функциялды жүйесі. Бұл категорияда адамның өмірін қалыптасуы тәуелді.

Адамның шаруашылық іс - әрекеті шаруашыл субъект затқа жеке меншік ретінде қараса, өзінікі десе, оны қолданса ғана тиімді.

Азаматтық құқықтың барлық тарихы оның бос, экономикалық қатынастарда ғана реттеледі. Заттық – ақшалық қатынас оның барлық ережелердің қалыптасуының негізі. Бұл ережелер адамның заттық және кәсіптік құқықтарын, адамдар арасындағы экономикалық қатынасымен ерекшеленеді. Азаматтық құқық моральдық және іскерлік этикасының талап етуімен дамыды. Анархистік дәуір адамдық тәртіптерді, жақсы атты көрінуді жалпы айтқанда, азаматтық құқықтарға шектеу қойды. Ал шет елдерде болса ақшалық және рыноктық жүйені қалыпты ұстады. Рыноктық, заттық – ақшалай қатынас – бұл адам өндіруші және қолдану іс - әрекеттің тарихи ұйымдасқан механизмі. Бұл механизм өндірілген өнімнің сапасын, өндірушінің әртүрлі түрлері мен формалары және т.б. іс - әрекет нәтижесін білуге мүмкіндік береді.

«Рынок» термині – ұйымдастыру өркениетіндегі адамның заттық – ақшалай қатынасқа түсуімен жазылған және жазылмаған (моральдық) ережелердің әрекеттесу жүйесі.

Заттық – ақшалай қатынас – адамның еңбектік, өндірушілік және коммерциялық іс - әрекет нәтижеге адамның қатынасы. Бұл жүйе динамикалық болып табылады. Барлық әлеуметтік дамыған елдерде, (өнімдердің стандарттық сапасын ) мемлекеттік, құқықтық жағынан бағдарланған. Мемлекет лицензия (рұқсат) арқылы өнімнің денсаулыққа әсерін реттеп отырады.

Мемлекеттің рыноктың қатынасына енуінің бірінші актісі антимонополиялық заң. (Шермонның заңы 1890 ж АҚШ –та құрылған) болып табылады. XX ғ. басында мемлекеттік жеке меншігіне Эмиссиондық банктер, ол ақшалық қатынастың тұрақтылығын қамсыздандыруға енді.

Кредиттік жүйе арқылы мемлекет әртүрлі өндіруші саласына ықпал ететін болды. Мемлекет рынокқа оның ірі қатысушысы ретінде ықпал етеді.

Экономикалық қатынас жүйесіндегі қазіргі кездегі зат - өндірушінің әлеуметтік – психологиялық, этикалық аспектідегі мағыналы шешім болып табылады.

Іскерлік дамыған елдерде әлеуметтік – психологиялық заң қалыптасқан: қызмет нәтижесіне байланысты байытуды рұқсат етпеу, адамгершілік талаптарға қарсылық білдіру т.б. әсерлер қалыптасқан.



Рыноктық қатынастың негізгі заңдық формасы – келісім. Келісімді адамның қарым – қатынасын ұйымдастыру формасы ретінде қарастыруға болады. Жан – Жак Руссо өзінің кіріспесінде әлеуметтік құрылғыны қауымдық келісім ретінде көрсетеді. Келісім арқылы заттың иесі бір – бірін мүлік жеке меншігі ретінде түсінеді, өндірушінің тұтынушыға заттық қозғалыс қатынасы келісім формасы ретінде ұйымдастырылады.

Келісімнің қорытындысы – адамдар арасындағы қатынастың міндет-темелердің түрленуі, бір адам екінші бір адамнан нақты іс - әрекетті талап етуі. Келісім ереженің тарихи қалыптасуында психологиялық рыноктық қатынаста іс - әрекет кезіндегі екі жақтың теңдігі қарастырылады.

Келісімдік қатынастың тарихи қалыптасуының процесінде келісімдік қатынастың қанағаттанарлық түсінігі пайда болды. Бірақ әрбір жақ жасалған келісімнен жоғары пайдалылықты алу болып табылады.

Дамыған елдердің көбінде (аналогиялық) азаматтық кодексте аналогиялық жағдайлар бар.

Франциялық азаматтық кодексінде бір адам екінші адам арқылы заң негізінсіз байи алмайды, егер де негізсіз баю қайтарылса. Бір адамның бостандығы мен аманшылығы екінші адамның бостандығы мен аманшылығына нұқсан келтірмеуі керек.

Рыноктық қатынас ешқашанда қоғамның мүддесі арқасында дамымайды. Барлық елдерде әлеуметтік ортаның аманшылығына сыйымсыздығына қарсы заттарға (у, наркотиктер, қару – жарактың түрлері, радиоактивтік заттар) тыйым салынған.

Көпшілік елдердің заңы өнімдерді өндірген сапалылығына жауапты бағдарланған. Барлық елдерде келісімнің жарамсыздығын соның ішінде: шатасу, өтірік, зорлық, қорқыту т.б. ықпалдарды мойындайды. Әрбір келісімдік қатынас қатысушы келісім туралы толық ақпарат, екінші жақтың негізгі шешім қабылдауына қамсыздануы керек.

Сонымен, мемлекеттік құқықтық рыноктық заңдарды қарастыра отырып, оның шын, мейірбан және тәртіпті заң екенін көрсетеді. Бұл заң рыноктық қатынастағы адамның психологиялық мінез – құлқын анық әлеуметтік тұту және жағымды әлеуметтік бағдарды қалыптастырады.

Азаматтық қауымның біздің елімізде қолданылады, адамның азаматтық құқықтары және юстиция қызметкерлердің терең теориялық – құқықтың психологиялық қайта құрылуы қаралуда. Ешқандай мемлекеттік мүдде азаматтың мүддесі мен құқығына нұқсан келтірмеуі керек.

Біздің еліміздегі қауымдық реформаның мәні жалданбалы қызмет, адамды тең құқылы азаматқа өзінің мүлкін қолдана алатын, белсенді азамат ету болып табылады. Азаматтық құқық индивидтің адамдық мәртебесін қалыптастыру негізінде жүреді.

### **Азаматтық – құқықты реттеудің психологиялық аспектісі.**

Азаматтың құқықтық қатынасы саналы, еріктің нәтижесінде – келісім жасауда құрылады. Азаматтық – құқықты реттеу процесі субъектінің құқықтық қатынасының ерікті келісімді жүретін процесс ретінде қарастырылады.

Азаматтық құқықтық қатынастың мүшесі болуы үшін ең алдымен оның – іске деген қабілеттілігі мен азаматтың іс - әрекетімен құқықты және міндеттерді орындауымен көрінеді. Ол үшін сәйкес психологиялық салалар -әрекетті белсенді бейнелеу, мағыналы бағалау, өзінің қылығын саналы түрде реттеумен жүреді. Заң жұмысқа қабілетсіз, ақыл –ойы кем адамдарды, ауру адамның жауаптарын қарастырады. Азаматтық құқықтық норманың қатары адамгершілікті – психологиялық мазмұнымен ( өтірік, алдау, зорлық, қорқыту т.б. жағдайларға байланысты) көрінеді. Тек ғана психологиялық жағдайларды ескере отырып, адамның жәй немесе дәрекі қателіктер жібергенін шешуге болады.

Азаматтық құқығындағы жауапкершілік пен жазықсыз сотталғандарға сәйкес жазасын қарастыру психологиялық аспектісінің мәселесі болып табылады.

Азаматтық – құқықтық қатынастағы саналы қатысушы қабілеттілігі соттық – психологиялық сарапшының пәні болып табылады. Сондықтан заңгер тұлғаның психологиялық жағдайын, сараптама қорытындысын бағалай алуы керек.

Азаматтық құқықтық реттеу процесінде оның белсенді қатысушыларымен біріге әрекет етуімен реттеледі. Азаматтық субъект азаматтың процесін беделі сайлауда бос және өзінің шешімін өзгерте алады, соттық қорғаушыдан бас тартуына немесе келісуіне болады.

Дәлелдеудегі субъект белсенді және енжар болуы мүмкін. Оның енжарлығы заңның қызығуына нұқсан келтіруі мүмкін. Соттың міндеті – дәлелденген субъектінің мінез – құлқын белсендірлендіру болып табылады.

### **Заң психологиясы жүйесі.**

Заң психологиясының адамды құқықтық реттеуге енгізу логикасына сәйкес жеке жүйесі бар. Олардың әрқайсысының өзіне сәйкес құрылымы бар. Олар 5 тараудан тұрады:

#### **1. Құқықтық психология:**

- құқық мінез-құлықты әлеуметтік реттеу факторы, құқықтық шығармашылықтың психологиялық тұрғысы;
- жеке тұлғаны құқықтық әлеуметтендіру, құбылыстың құқықтық мәнінің психологиялық ерекшеліктері, құқықтық сана психологиясы;
- құқық орындаушылық мінез-құлық психологиясы.

#### **2. Қылмыстық іс психологиясы:**

- қылмыстық мінез-құлық заңдылық пен себептік байласныстылығындағы психологиялық факторлар рөлі мәселесі;
- жеке тұлғаның жасаған қылмысындағы биологиялық және әлеуметтік факторлар рөлі, қылмыскердің жеке басы туралы түсінік, қылмыскердің психологиялық түрлері;
- қылмыстық іс-әрекет психологиясы;
- рецидивистік, жасөспірімдер, бейімделмейтіндер қылмысы психологиясы;

- ұйымдасқан және топтық қылмыс психологиясы;
- кінә мен жауапкершілік психологиясы.

### 3. Қылмыстық сот өндірісі психологиясы:

Алдын ала тергеу психологиясы:

- тергеу қызметі психологиясы;
- тергеушінің жеке басы мен қылмыстық процеске қатысы бар психологиясы;
- тергеушінің танымдық қызметі;
- ақпараттық тапшылық ахуалдары тергеушінің қызмет психологиясы;
- тергеу – іздестіру қызметіндегі ақпараттық нұсқа жасау;
- тергеушінің сөйлесу қызметі психологиясы;
- тергеу жүйесіндегі тергеу амалдары психологиясы;
- қылмыс процесіндегі сот психологиялық сараптама;

Сот қызметі психологиясы:

- сот қызметінің психологиялық ерекшеліктері;
- соттық айырып-тануды жоспарлау психологиясы;
- соттық тергеудің психологиялық ерекшеліктері және сот тергеуіндегі тергеу психологиясы;
- соттағы жарыссөз психологиясы;
- прокурор қызметі психологиясы, қылмыстық соттағы прокурор сөзі;
- қорғаушы қызметі психологиясы, қорғаушы сөзі;
- сотталушы психологиясы;
- сотта шешім қабылдау психологиясы.

### 4. Түзету психологиясы:

- түзету психологиясы міндеттері, жазалау мен қылмыскерлерді түзетудің психологиялық мәселелері;
- бас бостандығынан айырылған сотталғандар психологиясы;
- еңбекпен түзету мекемелері жағдайындағы өмір сүру психологиясы;
- әлеуметтендіру қызметі психологиясы;
- босатылғандарды бейімдеу психологиясы.

### 5. Азаматтық қарым – қатынас реттеудің психологиясы:

- азаматтық құқықтық қатынастар психологиясы;
- азаматтық процесс пен сөйлеу белсенділігінің ұстанымдары;
- соттық тергеуге азаматтық істерді дайындаудың психологиялық тұрғысы;
- азаматтық соттағы сөз;
- азаматтық сот өндірісіндегі қорғаушының қызметі психологиясы, соттағы қорғаушы сөзі;
- азаматтық соттың танымдық қызметі;
- азаматтық сот өндірісіндегі сот психологиялық сараптама;
- сот шешімін қабылдау психологиясы;

- арбитрат, нотариат, қорғаушылар ұжымы қызметінің әлеуметтік-психологиялық тұрғысы.

Заң психологиясы оқу сабағы ретінде «құқықтық психологияның байланыс негізі» болып табылады. Онда зат, әдіс, құқықтық психологияның теориялық принциптері, басқа ғылымдар жүйесі ішінде орны, құқықтық реттеудегі тиімділікті арттырудың ролі мен мәні болып табылады.

### **Тергеу психологиясы**

Тергеу- іс-әрекеттің бастапқысы, аса қауіпті тұлғаның қылмыстық ісімен жұмыс осы оқиға орнын тінтуден басталады. Жұмыстың сәтті, не сәтсіз болуы дұрыс нұсқа берілсе, қылмысты ашса, айыпталушыны ұстағанына байланысты. Басқа жағынан қарасак, оқиға орнын тінтуде тергеушінің жіберген қатесі оның ары қарай жұмыс жасауына, тергеу жұмысының ашылмауы мен қате жолға түсуіне себеп болады.

Тінту(қарау) тергеудің жеке іс-әрекеті болып табылады. Ол қылмыстың ізіне түсуге, басқада заттардың дәлелдеме, оқиға жеріндегі жағдайларды іске қатысты барлық нәрселерді қарауға негізделген. Сонымен бірге тінту: ұстау, қарау, тінту, эксперимент, болған жерде жауап алу болып табылады.

Оқиға орнын тінту тексеру- іс-әрекеттің ауыстырылмайтын бөлігі. Осы жерде алынатын ақпаратты басқа жерде ала алмайды. Тергеуші оқиға жеріндегі объектілерді зерттей отыра әртүрлі, әдіс формаларын қолдана отыра істің факторы мен жағдайын анықтауға мүмкіндік береді.

Оқиға жөніндегі объектілерді қабылдау тергеушіге болған жағдайды көруге, нұсқаның алға жылжуының эмперикалық базасын береді. Құжаттарды талдау, протокол, схема, суреттер көзбен бір көргенді алмастыра алмайды.

Көбіне оқиға орнын тінту, тергеу жағдайына байланысты болады. Не болды? Қылмыс күтпеген жағдайда болды ма? Егер қылмыс жасалса, қандай? Оны жасаған кім және неге?

Тінте қараудың ерекшелігі-оны күтпеген мінез-құлқы. Оның басқа тергеу жұмысынан айырмашылығы оны жедел қаралуы керек. Кешігудің өзі болған жердегі объектілердің өзгеруіне, іздің жоғалуына, іске қатысты куәгерлердің жағдайды ұмытуына әкеліп соғады. Кей жағдайда тергеуші бұл жұмысқа үлгермейді. Ол өте тез қимылдап, ақпаратты жинауға мәжбүр болады. Оның осы жерде жіберген қатесі істің ашылмауына әсерін тигізетіні мәлім болуы керек. Сондықтан, тергеушінің үлкен жауапкершілігі болуы керек. Ал жас мамандарда тәжірибе жетпегендіктен олар осындай қателіктерге барып жатады. Сондықтан, тергеушіде үлкен жауапкершілік, мақсаткерлік, байқағыш, ойлау қабілеті жоғары болуы керек.

Оқиға жерін тінтуде тергеуші ұйымдастыру жұмысын (операциялық топты жинау, мамандарды шақыру, ғылыми технологиялық заттарды болған жерде күзет орнату т. б) жасау керек.

Оқиға орнын тінту кезінде тергеуші көпшілік арасында жұмыс істеп сөйлейді. Осының бәрі оған психикалық жағынан әсер етеді. Сондықтан тергеуші өзін жинақы, нақты сөйлеп, қызметтестерімен жағымды атмосфера орнату, жұмысқа жетекшілікпен қарау керек.

Оқиға орнын тінту- өте күрделі іс-әрекет. Бұл тергеу іс-әрекеттерден, органдар қызметкерлерінен, мамандардан тұрады. Тергеудің іс-әрекеті тану, іздеу, ұйымдастырушылық жұмысынан тұрады.

Тану қызметі объектілерді, фактілерді қабылдау: олардын арасындағы себептік байланысы, нұсқаны болжау.

Іздеу элементтерінің іс-әрекеті- бұл іздеу, өзгерістерді табу, іздерді ашу, заттық дәлелдемелер.

Ұйымдастырушылық элемент-бұл шұғыл түрде топтарды жетекшілік ету, оқиға орнын қарауды, ұйымдастыру т.б. жатады.

Тергеуші оқиға орнын тінту кезінде протокол құрып, сызбалар, схемалар құрады, өзі немесе маман көмегі арқылы суретке түсіруді, бейне жасау сияқты жұмыс істейді.

Шұғыл топтың қызметкерлері істі мінездемелеріне де байланысты жүйені нақты біліп алу керек. Тінтудің нәтижесі осы ұйымның қызметкерлері және оларды келісімі арқылы жүзеге асады.

Тергеудің ізді жүйелі талдау, тінтудің нәтижесіне әкеледі. Нәтижесіз тінтудің бір себебі осы қоршаған әрекеттерден іздеу. Жүйесіз, дұрыс қарамауында болып келеді. Тергеушінің криминологиялық білімі болуы керек. Ол іздің негізгі бағытын білгеннен кейін, қылмыстың түрлі типтерін «адам өлтіру, ұрлау және т.б.» біле отыра ол жағдайын ойша моделін құрастырады.

Оқиға болған жердегі жағдайды қабылдауда топтық мамандық және тергеушінің жеке тәжірибиесі үлкен роль атқарады. Тәжірибиені көптеген жылдар бойы жинақтаған тергеуші тез бейімделгіш, болған жағдайдың типтерін моделін құрайды, сәйкестік іздейді. Сондықтан, жас мамандар тәжірибиесі бар мамандардан тәжірибе жинақтап, конференцияларда, семинарларда, жиналыстарда да ғылыми және әдістемелік білімдер арқылы жинақтау керек.

В.Л.Васильев оқиға жерін тінту нәтижесін үш топқа бөлген:

1 топта – тергеліп жатқан жағдайға байланысты ақпарат жинау. Бұл кезеңде тек қана бір нұсқаумен шектеліп қалмау керек.

2 топта – алынған ақпаратты талдап жасалған жағдайды түсіндіре алатын нұсқа құру керек.

3 топқа – оқиға жеріндегі жағдайға берілген әрбір нұсқа оның сәйкес болу керек.

Оқиға орнындағы жағдайды талдай отыра қылмыскер тұлғасын ерекшелейтінін анықтай аламыз. Оқиға жерін тінту ақпаратта көбіне қылмысты жасаған қылмыскерді жынысына қарай анықтауға болады. Қылмысты көбіне ер адам жасайды. (мысалы. зорлау, зорлау арқылы өлтіру) немесе әйелдер (нәрестені өлтіру, алдаудың кейбір түрі).

Қылмыскерлердің жынысын анықтай отырып, оның қылмысты орындау тәсілін анықтауға болады. Мыс: есікті, сейфті, жарды бұзу үшін ер адамның күшін қажет етеді. Осы жағдайды ескере отырып, қылмыскерлер – ер адам екен деп есептеуге болады. Сонымен бірге қылмыскерлерді ұстауда заттық дәлелдемелер мен іздер болуы мүмкін.памаданың ізі киімде ыдыста, болуы мүмкін, шпилька,заколка, духи немесе трубка, зажигалка, т.б. заттар қалуы мүмкін.

Сонымен, қылмысты ересек немесе кәмелетке толмағандар жасайды. Оны психологтар былай түсіндіреді. Егер ересек адам ұрлық жасағанда ол ең алдымен ақша, ең қымбат заттарды ( алтын, хрусталь, кілем және т.б) заттар ұрлайды, ал кәмелетке толмағандар тәттіге спирттік шараптарды, сағат т.б заттарды ұрлайды.

Оқиға жерін тінтуде психологиялық талдау жасалған қылмыстың себебі түсіндірілмейді. Көбіне себеп қылмыстық мінез-құлықты анықтайды. мысалы: ұрлаушы бұл қасақана мотивпен жасалған. Қылмыста мінез-құлық белгілерін таба алады. (сарандық, ызашыл, агрессиялық, каталдық және т.б)

### **Сот психологиясы**

Судья мамандығы өте күрделі заңгер мамандығы болып табылады. Судья этикасы туралы алғашқы болып айтқан А.Ф.Кони. Ол судьяның тұлғасын былайша түсіндіреді. Судьяның өзінің ішкі сендіруі үлкен маңызды болып табылады. Идеяның тұлғаға қатынасы туралы айтады. Бұл проблема тек судьяда емес, тергеуде де кездесіп отырады. А.Ф.Кони ойын, судья үкім шығарған кезде барлық сәттерді саралай білуі керек. Алдын –ала іспен толыса отырып, материалға талдау жасай отырып, үкім шығаруы керек. А.Ф.Кони «барлық жағдайдың ішіндегі ең маңыздысы-қылмыскер тұлғасы. Ешқашанда сотталушы сабырлы күйде болуы мүмкін емес. Ол қиын, ұзақ апталар мен айларды жалғыз бастан өткереді, өзі үшін де, туысқандары үшін де ұялады-айыпталушы орнында отырған тұлғаға судья сөзі қатты әсер етеді, кейде қатты қорқады. Сондықтан судья сабырлы түрде баяндауы керек, оның даусында кекету немесе күлкі ету толығымен жоқ болуға тиіс» дейді.

Судья өзінің сезімі, ойларымен, қағидаларымен үкім шығаруға болмайды және мынадай өткел «мен былай істегім келеді» деу орынды. Судья үкім шығарған кезде бір ғана сұрағы болады. «Менде бұдан басқа амал жоқ». Судья үкімінің түбінде тек логикалық ой ғана емес, міндет жатуы керек. Өзінің ішкі сезімін сендіру барысында күмәндану пайда болады. А.Ф.Кони айқындау арқылы күмәндануларды жеңе білуге болады дейді. Күмәнді жеңе білу керек немесе ол сені жеңеді. Судьяға адамның өмірін, тағдырын шешу беріледі. Тек сот шешімі судьяға байланысты, бұрыс па, дұрыс па. Судьялар жұмысы өте күрделі. Кони заңға және адамның қызығушылығын білдіруге болмайды дейді. Судья сотта сөйлеген куәгерлер сөзін де байыппен сараптай білуі тиіс. А.Ф.Конидің өз кезегінде «Куәгерлердің психологиясы» деген еңбегі бар. Мысалы, куәгер темпераментін алайық:

Сангвиниктер сотта куәгерлік берген кезде қатты толқиды. Көргендеріне өзінің жеке көзқарасын қосып айтады.

Меланхоликтер оқиғаны қоюландырып, драма жасайды.

Холерик алаңғасар, көзқарасы жоғары, флегматик-барынша салмақпен, сабырмен орындайды.

Екіншіден, куәгерлердің жынысына байланысты куә беріледі.

Ер адамдарда: көз көру, есту, иіс сезу күшті дамыса, әйел адамдарда – дәм сезуі жақсы дамиды. Еркек адамдарда уақыт ұзақтығы 35%, әйел адамдарда 11% ұзақ.

Үшіншіден, куәгерлердің жасы балалар жақында көргенін үлкендер өткен өмірін жақсы естерінде сақтайды.

Төртіншіден, куәгерлердің мінез-құлқы.

Бесіншіден, кейбір физикалық жетіспеушіліктер. Мысалы: соқыр адамдарда есту қабілеті күшті. Куәгерлерді тергеу – процесстегі өте маңызды жауапты іс-әрекет.

### **Қылмыстық істердегі сот - психологиялық сараптама**

Сот психологиялық сараптама – сот ісіндегі шындықты ашудың, айғақтың негізі болып саналатын сот сараптамасының бір түрі. Сот психологиялық (СПС) қылмыстық және азаматтық істердегі айыпталушының жәбірленушінің, арыз иесінің, куәгерлердің психикалық ерекшеліктерін зерттейді. Сот – психиатриялық сараптама мен салыстырғанда нормадағы (потологиялық емес) психикалық көңіл-күйлерді қарастырады.

Сот психологиялық сараптаманың қажеттілігі ХІХ ғасырмен ХХ ғасырда пайда болды. Сот психологиялық сараптаманың негізін салушылар: Г.Грос. К.Морбе, Л.Е.Владимеров, А.Е.Брусиловский болды. Қазіргі заманғы М.Н.Коченова (психологиялық сараптама 1977, Введение в судебно-психологическую экспертизу М 1980) М.В.Костицкийді (сот психологиялық сараптама Львов 1987, А.И.Кудрявцева) атауға болады.

Алғаш кеңестік қылмыстық-құқықтық нормативтік актілер сот-психологияның қажеттігін мойындады.

1918 жылы Петроградта, Москвада, Ростовта, Бакуде қылмыскерлердің психикасын зерттейтін сот-психологиялық сараптаманың кабинеттері ашылып, жұмыс істей бастады.

1922 жылы УПК РСФСР айыпталушының, куәгердің психикалық көңіл – күйіне байланысты. Сот психологиялық эксперттің міндеттілігі жөнінде айтылды. Көптеген іс жүргізушілер айыпталушының, куәгердің, жәбірленушінің психологиялық сапаларын зерттеу жөніндегі Л.Е.Владимировтың концепцияларын мақұлдады. 30 жылдардың ортасына қарай айыпталушының психикалық ерекшеліктерін зерттеу сот-психиатриялық сараптаманың негізінде жасалды. (Қазірге дейін психикалық көңіл-күйлердің тексеру психиатр-экспертке жүктелді. Бізге мәлім, психиатриялық-патологияның бұзылуларды зерттейді, ал ол сау адамның ауытқулары-психологияның зерттеу мәселесі).

Сот психологиялық сараптаманың мәні потологиялық емес. Индивидтің психикалық ақауларын және сот ісіндегі шындықты дәлелдеу үшін қолданылады. Ол мынадай көрсеткіштер: эмоциялық тұрақтылық, агрессиялық жәбірленушідегі садистік қарым-қатынас, ақыл-ойының төмендігі, наркоман, тіл байлығының нашарлығы, ойының тұрақсыздығы, ойлау қабілетінің төмендігі, істеген қылмысына жеңіл айыптылықпен қарау, мақтаншылықтылық, өтірік айту, сексуалдық айыптаушылықтар, сыртқы саматикалық белгілер, скелет сүйектерінің ассимитриялығы, бет әлпетінің инфантильдігі, көзқарас және мимикалық бұзылулар. т.б.

Эксперттік зерттеу – қажетті, жан-жақты объективті қылмысты ашудың шарты болып табылады.

Сот-психологиялық экспертизаның теориялық негізіне – жеке адамның психикалық дамуының заңдылықтарын және психологиялық реттеудің заңдылықтарын белгілеу жатады.

Олигофрения, инфантилизм, мінез акцентуациясын, психопатия түрлерін – комплекстік психология-психиатриялық сараптама зерттейді. Соматикалық жағдайын психикалық күйін, дәрігерлік психологиялық экспертиза зерттейді.

### **Сот психологиясының сараптамалық әдістері.**

Сот психологиясының сараптама қазіргі заманғы ғылыми-психологиялық әдістерді қолданады. Психодиагностика психологияның бір саласы ретінде XIX ғасырдың соңында дами бастады. Оның негізін салушылар ретінде Дж.Кэттел, Ф.Гальтон, француз психологы А.Бинэні айтуға болады (баланың ақыл-ойының дамуын зерттеу әдісі).

Психодиагностиканың негізгі әдісі-тест әдістері. Тесттің негізі - өлшемнің дәлдігі. Әсіресе ақыл-ой тестісі, жеке сауалнама тесттері, т.б. көп қолданылады.

Сот-эксперт зерттеуде Кэттел сауалнамасы, Роршах тесті, Розенцвейг тест әдісінен басқа ғылыми бақылау, әңгімелесу, биографиялық әдістер кеңінен қолданылады. Сот психологиясының сараптамасы 3 бөлімнен тұрады: 1-ші кіріспе(введение), 2-ші зерттеу(исследовательный), 3-ші қорытынды (заключительный).

Сот психологиялық сараптамасын міндетті түрде белгіленуі мынада жағдайларда:

1. Кәмелетке жасы толмаған айыпталушының ақыл-ойының төмендігі.
2. Сот психологиялық сараптама болған жағдайды дұрыс куәлік беруі үшін фантазия - өтірікке бейімділік.
3. Зорлауға қатысты қылмыстар негізінде жәбірленушінің жағдайы (ауру, әлсіздігі, жасы, кәрілігі).
4. Аффект жағдайында қылмыс жасалады.

### **Қасақана қылмыскерлер типтері.**

Қасақана қылмыскерлер типтері әртүрлі. Бұлардың арасында қылмысқа алғаш барғандар кәсіби-ұрылар қараусыз қалған балалар (беспризорный ребенок), жезөкшелер, бандиттер, көңілдерестер, наркокомандар, ұрылар т.б.

Ұрылықпен айналысушылар ерекшеліктері. Зерттеулер көрсеткендей, бұл категориядағы қылмыскерлер қоғамдық жағынан заңға қарсы заң бұзушыларға жатады. Олардың қылмыстық мінез-құлықтары ерте дамиды. Ұрылар үлкен қылмыстық тәжірибелер жинақтайды. Ұрылардың өзі көбіне бұзақорлар, маскүнемдер болып келеді. Олардың қызығушылары шектеулі. Олардың қоғамдық дезадаптациясы жанұялардың жоқтығыменмен, үй жайлары мен жұмыс орындарының тұрақсыздығымен, психикалық ауытқушылықтарымен көрінеді. Олар қылмыстық ортаға үлкен әсер етеді. Олардың мінез-құлықтары қоғамға қарсы өмір сүруімен көрінеді.



Қылмыскерлер тұлғасы – жанұялық тәрбиенің ерте бастағы ақауларынан, өзінің қызығушылықтарын, қанағаттана алмаушылықтан, біреуге тәуелді болуы нәтижесінде қалыптасады.

Баспана ұрылары (квартирные воры) көбіне зорлықпен қылмыскер типтеріне жақындау болады. Шаруашылық мақсаттағы қылмыскерлерді қылмысқа өздерінің өзімшіл көзқарастары итермелейді.

Қызмет орнын пайдалана отырып – пара алумен, түрлі сапасыз тауарларды шығарумен, олықылықпен айналысу. Оларға жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қылмыстарға бару. Қызмет бойындағы ұрлықтар көбіне қылмыстық топтармен бірігіп әрекет етеді. Осы арқылы оларға топ аралық қатынастар арнайы (межгрупповые связи) "керек адам" "керек емес адам". Өздерінің материалдық жағдайларын жақсарту мақсатында "кедей өмірді" қалқан етуі. Қасақана қылмыскерлердің мінез-құлық ерекшеліктеріне, жағдайға байланысты кез-келген жағдайда қоғамдық бақылаудың төмендеген кезінде қылмыстық жағдайларға берді. Мұндай қылмыстың пайда болуы құқықтық жазаның әлсіздігіне байланысты қажеттік-қасақана қылмыс жасаушылар болып сипатталады.

Кәсіби қылмыскерлер мен рецидивистердің психологияның ерекшеліктері:

Кәсіби қылмыстар үнемі заңға қарсы кірістерінің келуімен байланысты. Оларға өте күшті қалыптасқан стереотиптері көмектеседі.

Кәсіби ерекшеліктері өз ісінің маманы тәрізді бәрін біледі, содан соң әрекеттер жасайды. Кәсіби қылмыскер – рецидивист. Рецидивисттер тұрақты қылмыскер, қоғамға қауіпті мінез-құлық формаларына жатады.

Көптеген рецидивистер – ұымдасқан қылмыс жасаушылар. Көптеген рецидивисттер психикалық ауытқулары бар – айналасындағы адамдарға жаулықпен қараулығымен де көрінеді.

Рецидивисттер бостандықтан да көрі, түрмеде жақсы жағдайларға ие болады.

Рецидивисттік мінез-құлық көбіне психикалық ауытқушылықтармен сипатталады – олигофренияның жеңіл түрлері, психопаттың түрлері, мінез акцентуациялары, маскүнемдік деграциялары.

XIX ғасырдың 20-шы жылдарының өзінде психолог, психиатр Е.Ф.Лазурский бойынша тұрақты (устойчивый) қылмыскерлерді ерік-жігері төмен рецидивисттер, импульсивті рецидивисттер, аффект жағдайдағы рецидивисттер, эмоциялық типтегі рецидивисттер деп бөлген.

1. Ерік-жігері төмен рецидивисттер көбіне өмір жағдайларына, тұрмыстық жағдайлардың төмендігінен әртүрлі қылмыстарға барады.

2. Жарылғыш типі - олар өз әдеттерінің қолайсыз, көбіне мүмкіндік жағдайларында ұмытылуға болады.

3. Эмоционалды типтер стихиясы – зорлық, бұзақылық, кісі өлтіру, зорлау әрекеттері араласқанқан әрекеттермен жасалады.

4. Аффективті түрлер – эмоциялардың көңіл-күйлерінің тұрақтылығымен ерекшеленеді.

### **Күдіктінің психологиясы.**

Адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін айыптауға жеткілікті айғақ негіз болады. Айыптау үшін тергеуші істің болғанын куәләндыратын, оны құрайтын деректердің болған қылмыстың белгілеріне сәйкес келетінін, айыпталушының осы қылмысты жасағанын және қылмыстың жауапкершіліктен босататын жағдайдың жоқтығын дәлелдейтін айғақтарды жинауға міндетті.

Айыптау акті – айыптау туралы жариялаудан және айыптаушыға оның құқығын түсіндіруден тұрады. Айыпталушының процессуалды құқығы мен айыптаудың негізін түсіндіруді қарапайым тілмен жеткізу психологиялық жағынан маңызды. Айыпталушыға қойылған сұрақтардың барлығына міндетті түрде жауап алу керек және оған тағылған айыптың түсінген туралы қолдауын алу керек.

Адамды айыпталушы ретінде қаулы шығарғаннан кейін тергеуші мен айыпталушы да бірнеше процессуалды құқығы пайда болады. Тергеуші айыпталушының қылмыстық жауапкершіліктен қашуына жол бермес үшін шара қолдануға, айыпталушыны лауазымынан босатуға, тінту жүргізуге, мүлікке арест салуға құқылы. Айыпталушының тергеу жүргізілген кездегі іс-әрекетіне қарап және басқа жағдайларды ескеріп тергеуші қолданған шарасын өзгертуге немесе алып тастауға болады.

Күдікті әрқашан өзін әсерлейтін сұрақ қоятынын сезеді. Сондықтан, шырғу басты дәлелге жақындағанда өсіп, оның толқып отырғандығын көрсететін белгілерді байқауға болады. Оларды нейро мен әдістер нәтижесімен анықтауға болады. Бет терісінде, демалысында, тамыр соғуынан көруге болады. Күдіктінің не үшін сұралып отырғанын талдай отырып жұмыс жасайды. Сұрақ негізді болу керек, тұзаққа түсіретіндей болмау керек. Бірақ сенімді түрде жаймен қойылу керек. Бір жағынан ұтуды ойлап, ықпал ететіндей болуы шарт. Жақындаған сайын айыпталушы үшін қауіп-қатер бар және оның қорғану әрекеттері белсендірек болады.

Алғашқы тергеудің табысты өтуі үшін міндетті түрде әр адамның әсіресе айыпталушы мен күдіктінің ерекшеліктерін білу керек. Тергеушіде айыпталушының өмір сүру дағдысы жайлы, оның қоғамдық байланысы, таныстары туралы ақпарат болуы міндетті.

Әсіресе, айыпталушының тұлға ретінде қалыптасу факторларын, маңызды биографиялық ақпаратын ерекше білу керек. Міндетті түрде айыпталушының іс-әрекетіне, стереотипіне, оның бейімдеушілік және коммуникативтік мүмкіндіктеріне, кикілжің жағдайдағы іс-әрекетіне назар аудару қажет. Айыпталушының психикалық күйінің ерекшелігі көбінесе оның қылмыстық іс пен әділ сотқа деген қатынасымен анықталады. Осы жағдайларға тәуелді екі түрлі іс-әрекет стратегиясы пайда болуы мүмкін, не соттан қашумен байланысты, не соттан қашу мүмкін емес екенін түсінумен байланысты.

Бірінші әрекет стратегиясы қорғаныс әдісінің, айыпталушының санасында “қорғаныс доминантының” пайда болуына әкеледі. Бұл қорғаныс әдісі белсенді болуы мүмкін - өтірік жауап беру, заттай деректерді жою, өтірік деректер жасау, куәлерге ықпал ету және енжар болуы мүмкін – белсенді

қарсылық көрсету құралын қолданбай тергеушіге көмектесуден бас тарту. Істің жүруіне қарсылық көрсететін адамдардың “қорғаныс доминантасы” – (айыпталушыдан, күдіктіден басқа куәлер мен жәбірленушілер болуы мүмкін) - тергеу әдісінің психологиялық феномені ерекше керек. Тергеушіге қарсылық көрсету, қорғаныс механизмі қылмыстық ой келгеннен бастап та кейін қылмыс жасаған кезде және оның ізін жасырған кезде пайда бола бастайды.

Тәжірибелі қылмыскер қылмысының ізін жасыру үшін қолынан келгенінің бәрін жасайды, істің жүргізілуін қиындатып, тергеушіні алдайды. Қылмысы ашылмаған кездегі іс-әрекетін алдын-ала жоспарлайды. Айыпталушының қорғаныс доминантасы оның психикалық ісінің бағытын анықтайды. Бірақ бұл доминантаның негізгі әлсіз жері тергеушінің әрбір сөзі, оның іс-әрекеті айыпталушымен еріксіз күйде қорғаныс доминантымен күзетілетіннің бәрімен байланыстырылады. Осы кезде тергеушінің ақпараттық білімін, қауіпті асыра бағалау тенденциясы пайда болады.

Тергеуші мен айыпталушының арасындағы қатынас психологиясы кейбір оның қылмыс түрін жасайтын адамдарда болатын жалпы мінез-құлықтық ерекшеліктерінмен анықталады.

Тергеуші ескеруге міндетті, мысалы зорлаушылар шектен шыққан өзімшілдігімен, примитивті анархиялық ұмтылыспен, асинтондық көңіл-күймен, каталдық пен және агрессиялықпен айрықшалаынады. Осы тергеушілер категориясы мен өзара қарым-қатынас барысында мүмкін болатын аффектілік, кикілжіндік жағдайды ескеру керек. Осымен қатар, олардың іс-әрекетінің төмендетілген сыншылдығы тергеушіге ұзақ әдісті ойластырылған қарсылықты мүмкін қылмайды. Қатаң позиция кісі өлтірушімен айыпталушы адамдарға қажет. Аңдамай кісі өлтірушімен қарым-қатынаста болғанда, тергеуші олардың өмірінің жағымсыз тұрмыстық жағдайларын ескеру керек. Зорлаумен айыпталған адамдармен қарым-қатынаста болғанда тергеуші оның ұятсыздық, шектен шыққан құлықсыздық, өрескелдік сияқты психикалық ерекшеліктерін ескеру керек. Кейбір жалпы психологиялық ерекшеліктер, ашкөз - зорлау қылмысымен айыпталушы адамдарда болады. Тонауға шектен шыққан, әлеуметке қарсы және құқыққа қарсы бейім адамдар жасайды. Оларға терең құлықсыздық пен маскүнемдік тән. Осымен қатар олар көп жағдайда өзін-өзі жоғары басқарумен, тұрақты әдістік қарсылық көрсету қасиетімен ерекшеленеді. Айыпталушы тұлғасы қарама-қайшы болады – олардың кейбір бағасы өзін-өзі ақтауға, басқасы қоршаған адамдарды айыптауға арналған.

Қылмыскер өзіне жүктелген жауапкершіліктен кінәлімін деп құтылады, ал, адам өлтірушілер, қарақшылар, тонаушылар, зорлаушылар, ұрылар өздерін іштей кінәләмейді. Олардың өзін - өзі бағалау қабілеті өзін-өзі сынауының төмендігімен ерекшеленеді. Көптеген қылмыскерлер өздерін әдеттегі күнде кездесетін қылмыскерлер қатарына жатқызбайды, олар әлеуметтік жауапкершіліктің шегінен шығарады яғни шектен шығады. Осыған байланысты олар ақпаратқа көп көңіл бөлмейді, өздерін ақтайтын дәлелдерді іздейді. Адам өзінің мінез-құлқының шегінен тыс шыққан кезде ғана өзін айыптайды. Қылмыскерлер әлеуметтік ережелерді бұзғанда, қылмыскерлерде өзін кінәләу сезімі болмайды, себебі ол өзін-өзі бағалау құнынан айрылған. Қылмыскердің

намысын төгу, арын аяққа таптау оларды еш қиналдырмауы мүмкін, ал егерде оны қорқақ, сатқын деп балағаттаса оған қатты әсер етуі мүмкін. Осы аталған психологиялық ерекшеліктерді айыпталушымен қарым-қатынасқа түскенде ескеру қажет. Айыпталушының берген жауаптары мен дәлелдеріне психологиялық анализ жасау керек. Оған анализ жасай отырып, айыпталушының неге аса көп мән бөлетінін, неден сескенетінін, неден қорықпайды, не оның санасында тежеледі, неден қашатынын білуге болады. Сонымен бірге, айыпталушының тенденциясын еске алу керек, оның әлсіз жақтарын тауып, оған әсер етіп, оны баса білу керек.

### **Жәбірленушінің психологиясы**

Жәбірленушінің психологиялық күйі оның “айыптау доминантымен”, зарар тартумен байланысты теріс көңіл-күйлермен айтарлықтай анықталуы мүмкін. Осы кикілжіңдік күйлер жиі жәбірленушінің жалпы кикілжіңімен байланыста болады. Тұлғаның кикілжіңдік ерекшеліктері қылмысқа итермелеуі мүмкін. Екінші жағынан, жасалған қылмыстық істің, қоғамдық қауіптілігін анықтайтын шарт болып жәбірленушіге жасалған зиянды объективті зерттеу болып табылады.

Жәбірленушінің жауап беруі (показаниясы) – оның мүддесін қорғау құралы, ол тек қана дербес қызығушылық ғана емес, қоғам мүшесі ретінде де. Көп жәбірленушінің ауызша жауап берген элементтеріне мән бере отырып дәлелденген фактілерді қабылдайды. Жәбірленушінің әр түрлі қарым-қатынасы шындықтың орнауына себепші болады. Жәбірленушілердің шындықты ашу үшін өзінің себептері болады, олар кейде тергеуге тікелей қарсы әрекет етеді және байыпсыздық танытады. Жәбірленушілер мен тергеушілердің өзара қарым-қатынас кезінде оның қылмыс кезінде болған көңіл-күйіне мән беру керек. Қылмыс болғаннан кейінгі жәбірленушінің психологиялық жағдайы оның ішінде зорлық-зомбылық көрсету, ұрып – соғу және де соның нәтижесінде стресс, эффект, денсаулығына зияны тигендігін ескере отырып, осылардың бәрін экстрималдық психологиялық жағдайға жатқызуға болады. Кикілжіңдік жағдайда жәбірленушінің санасы төмендеп, оның өмірге деген бейімделушігі шектеледі.

### **Куәгер психологиясы.**

Алғашқыда куәгерді тергеу оңай жұмыс болып көрінгенмен ол үлкен дайындықты қажет етеді. Куәгерлерді тергеуде шақыру уақыты, тергеу жағдайы психологиялық роль атқарады. Жалпы ереже бойынша куәгер мен жәбірленуші тергеу мүмкіндігінше тез болуы керек. Бірақ, мұнда да айырмашылық бар. Егер жәбірленуші, кейде куәгерлер болған қылмыс нәтижесінде толқу, шиеленісу, қорқу жағдайында болса, тергеуді тоқтату керек. Бұзықтық, тонау мақсатында шабуыл жасау, зорлау істерінде тергеу жүргізген кезде жедел тергеу жасалғанда қылмыскерді іздестіру мен ұстау үшін қажетті мәлеметтерді алған соң, куәгерлер мен жәбірленушілерді қайтадан тергеу қажет.

Куәгерлерді тергеуге уақыт белгілеп, шақыруды анықтағанда шақырушының мүддесі мен мүмкіндігін ескеру керек. Тергеуге шақыру шақырушыға қиындық

келтірмеуі керек және тергеушімен ара қатынасты қиындатуы тиіс. Мысалы, шақырылушы өз уақытын жоспарлап қойса, онымен санасу қажет. Оны қабылдау бөлмесінде ұзақ күтуге немесе тергеуді негіздеу кейінге қалдыру болмайды. Куәгер жұмыстан тыс уақыт, ал оқушыны сабақтан соң немесе оған дейін шақыру керек. Егер аталған адамдардың мәлеметтері аса маңызды болса, оларды шақыру телефонмен жасалу керек. Телефон қоңырауы психологиялық байланыс орнатуға, тергеуге шақырылғандардың толғанысын көтеруге, олардың керекті мәлеметтерді есіне түсіруіне көмектеседі. Куәгерлер милицияға шақырылғандығын туыстарынан, көршілерінен, басқа да адамдардан жасыру үшін телефонмен байланысуға да болады. Куәгерлерден тергеу алу үшін оларды тергеу орнының да психологиялық маңызы бар. Заң бойынша тергеу өндірісі орнында болу керек немесе кейбір мәселеге жеке тұрғыдан келу керек. Мысалы, егер куәгер қылмыс оқиғаның маңызды жерлерін ұмытып қалса немесе олардың өрбу ретін, кейбір жерлерін қалса, тергеуді оқиға болған жерде де жүргізуге болады. Кей жағдайларда куәгер тұрғын үй басқармасында қоғамдық тәртіп сақтау т.б. жерлерде тергеу өзін-өзін ақтаған әдіс. Мұндай жағдайда ол бұл адамдардың отырған жеріне барып тергеу жасауы керек. Егер бұл мүмкін болмас тиісті тергеушіге немесе тергеу жұмысы тапсырылған адамды тұрғылықты жер бойынша жіберу қажет. Ауру куәгер мен жәбірленуші дәрігердің рұқсатымен ғана және сол жерде тергеуге болады. Көп жағдайда тергеудің табыстылығы оны жүргізуге де байланысты. Куәгерлерді тергеудің психологиялық негізі заңды нормада қарастырылған. Бір іс бойынша шақырылған куәгерлер жеке-жеке бір-бірімен бөлек тергеледі. Мұнда тергелуші куәгерлердің бір-бірімен сөйлеспеу үшін алдын-ала шаралар алу керек. Маңызды психологиялық ерте тергеуді көзбе-көз басқа адамдардың қатысынсыз жүргізу керек.

### **Ұйымдасқан қылмыстық топтың психологиялық негіздері.**

**Ұйымдасқан қылмыс** - өзін-өзі жоғарғы деңгейде реттей білетін және иерархиялық құрылымынан құралған, үш буыннан тұратын, қылмыскерлердің арасында басқару, азғыру, бағыну сияқты әрекеттердің жоғары деңгейлілігімен сипатталатын негізгі қылмыстық топтар.

**Қылмыстық ұйымдар** әдетте, пирамидалық құрылыммен бейнеленеді, оның жоғарғы жағында ең негізгі лидер, ал жан-жағында шағын топ тұлғалары орналасқан.

**Ұйымдасқан қылмыстық топ** қылмыстық қызығушылықтары мен ұстанымдарының ортақтылығымен, тұрақты топшілік байланыстылығымен және рольдік дифференциациялығымен ерекшеленеді. Бұл арнайы әлеуметтік-психологиялық механизм қылмыстық іс-әрекеттерді жоғарылатады. Сонымен қатар, қылмыстық топтардың қоғамдық қауіптілігі өседі.

Ұйымдасқан қылмыстық топтардың мүшелеріне тұлғаның топпен жоғары өзіндік идентификациялануы тән. Тұлға әдеттегідей топ әрекеттерінің мотивтерін бөліп ала отырып, топтың қылмыстық бағытын тұтастай қабылдайды.

Қылмыстық топтар тұрақтылығымен және қылмыстық бағыттылығымен айрықшаланады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтарды оның мүшелері атқаратын әрекеттерді топтық бақылау өте жоғары деңгейде жетілген. Қылмыстық топ қаншалықты ауызбіршілікте және ұйымдасқан болса, соншалықты қоғамға қауіптірек болады.

**Ұйымдасқан қылмыстық топ** мінез-құлықтың ортақ стилін орнатады, белгілі бір ситуацияларда нақты қылмыстық әрекеттер жасайды, мінез-құлықтың антисоциальдік стандарттарын жүктейді. Тұлға топ үмітін ақтауға тырысады, өз мінез-құлқын топ талаптарына тәуелдендіреді, басқартады.

Ұйымдасқан қылмыстық топтарда **тұлғааралық байланыстар** өте тұрақты, өзара симпатия орнаған, құндылық бағыттары ортақ, қылмыстық ситуацияларды бағалауда позицияның бірлігі орын алады. Мұндай топта жауапкершілік сезімі тез төмендейді, олардың ойынша оларға барлық заттарда рұқсат етіледі, жазаланбайды, топтық қорғалу сезімі жоғарылайды. Олар қылмысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ұсақ сылтауларды да басшылыққа алады.

Ұйымдасқан қылмыстық топ топтық бұзақылық, ұрлық, тонау, хулигандық әрекеттерді іске асыру мақсатында туындайды.

Топтық қылмыс жеке қылмыспен салыстырғанда қоғамдық қауіптілігі аса жоғары.

Ұйымдасқан қылмыстық топтардың пайда болуының **негізгі көздері** - алаяқтар мен махинаторлар. Олар қоғамдық меншікті заңсыз түрде тонаумен, әртүрлі өндірістік ұйымдарға толықтай билік етеді және заңсыз түрде көптеген өнімдерді шығарады. Әлеуметтік қоғамда **мультимиллионерлер** пайда болып, халық шаруашылығының ішкі және сыртқы сауда мәселелерін, тұрғын үй және коммуналды-тұрмыстық қызметтерді тұтастай басқарып келеді.

Ұйымдасқан қылмыс әлеуметтік топтардың тиімді қызмет етуінің барлық әлеуметтік-психологиялық механизмдерін қолданады. Бұл механизмде қылмыстың әртүрлілігі орын алды – мемлекеттік биліктің алаяқтыққа, нарко және порно бизнестерді басқаруға, ұрлық және күш жұмсайтын қылмыстарға дейін баруы.

Ұйымдасқан қылмыс – **кәсіби-криминалдық ынтымақтастықтың ең жоғарғы формасы**, өзіндік қылмыстық синдикат, социумның өміріндегі барлық механизмдерін қылмыстық мақсатта қолдану болып табылады.

Қылмыстың «элитарлық» түрі идеологиялық, ұйымдастырушылық, басқару және бақылау функцияларын атқарады.

Ұйымдасқан қылмыс өз алдына қылмыстық-синтездік функцияны жүзеге асырады.

Қылмыстық топтардың психологиясы қылмыстық психологияның жеке арнайы бөлімі ретінде қылмыстық топтардың пайда болу, даму заңдылықтарын, олардың өздеріне тән құрылымын, әртүрлі рольдердің таралуын, басқару механизмдерін зерттейді.

Егер қылмыскер шағын ғана қылмысты жасағаны үшін жазаланбаса, онда ол шағын қылмыстардан күрделі үлкен қылмыстарға өтіп қана қоймайды, сонымен

бірге ол басқа да тұлғалардың қылмысқа баруына ықпал етеді. Ал бұл қылмыстық топтардың туындауының бірден-бір себебі болып табылады. Қылмыстық топтардың туындауы – бұл тек қана сандық жағынан емес, сонымен қатар сапалық жағынан да қоғамға қауіп туғызады. Өйткені жалғыз қылмыскер бірнеше қылмыстық әрекеттер жоспарын жеке өзі жүзеге асыра алмайды.

Қылмыстық топтарды талдау барысында оның келесідей **бөліктері** анықталған:

• **Топты жалпылай не оның жеке қатысушыларын ұйымдастырушылар**

• Жауапты аумақты атқарушылар

• Екінші дәрежелі жауапты аумақты атқарушылар

• **Оппозиционерлер, топтың «әлсіз буыны»** (ол еркін адам болуы мүмкін) - өзі қатысып отырған қылмысты іске асыруға іштей қарсылық білдірген субъект. Олар топ арасында конфликтілі ситуацияларды өте жиі тудыруы мүмкін.

Қылмыстық іс-әрекеттерді жалғастыруға қылмыстық топтың қандай да бір мүшесінің қарсылық білдіруі қосымша қиындықтар туғызады.

**Қылмыстық топтардың қалыптасуының негізгі факторлары:**

1. Бірігусіз қылмысты жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы.

2. Қылмыстық қызығушылықтардың ортақ болуы.

3. Жеке симпатиялар

4. Мінез-құлықтың ортақ нормалары, ортақ сенім, құқықты саналы түрде сезінуінің аналогиялық (ұқсас) дефектілері, т.б.

**Қылмыстық топтарға келесі белгілер тән:**

• **Ұйымшылдық** – қатаң иерархиялық құрылыммен, қатаң тәртіппен, төменгі буынның жоғарғы буынға бағынушылығымен сипатталады.

• **Тұрақтылық** - қылмыстық байланыстардың ұзаққа дейін тұрақты болуы, қажет болған жағдайда жаңғыртылып отыруы және қылмыстық өзара әрекеттердің өлшемдерін қолдануымен сипатталады.

• **Ауызбіршілік, ынтымақтастық** – байланыстардың ортақ болуы. Ауызбіршілік детерминанттары:

а) Мүшелерінің бірігуіндегі мотивациялық негіздері, яғни мотивтерінің ортақ болуы. Бұл олардың жеке дүниекорлық қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің жиынтығынан тұрады.

б) Қылмыстық топ мүшелерінің қозғаушы мотивтері. Бұл олардың мақсаттарында, бағдарламаларында, жарғыларында көрсетіледі.

**Қорғанушылық** – қорғану, қамтамасыз ету, психикалық әсер ету және физикалық күш көрсету блоктарының болуымен сипатталады.

**Қылмыстық топтардың ұйымдастырылу деңгейіне** байланысты ұйымдасқан қылмыстық топтар, қылмыстық ұйымдар және қылмыстық қоғамдастық болып жіктеледі.

Ұйымдасқан қылмыстық топтың мінез-құлқына **топ лидері** аса маңызды әсер етеді. Ол топ әрекеттерін жобалайды, жоспарлайды және ұйымдастырады,

оларды орындау тәсілдерін белгілейді, жүзеге асыру жолдарын басқарады, сонымен қатар, қажет болған жағдайда қорқытады, физикалық және психикалық күш қолданады.

Қылмыстық топтардың дамуында **лидер** ұйымдастырушылық және басқарушылық ролді атқара отырып, қылмыстық топ ортасында маңызды орынға ие болады. Лидердің пайда болуымен топ ұйымшыл, әрі ауызбіршілікте болады, оның әрекеттері активтенеді, мақсат бағыттылы сипат алады және қоғамға аса қауіпті жағдай туғызады.

Сонымен қатар, қылмыстық топтағы жаңа қылмыстар нақты әрі анығырақ анықталады. Қылмыстық топтардың функционалдық құрылымы қылмыстық топтардың жеке құрылымдарымен, қылмыс түрімен, объектісімен, т.б. факторларымен анықталады.

Ұйымдасқан қылмыс мемлекеттік басқармаларды үлкен шығындарға ұшыратады, көпшілікке айтарлықтай жоғарғы деңгейде әсер етеді, құқықтық мемлекеттің қызметкерлеріне кедергілер тудырады, мәдени экономикалық қатынастардың жүзеге асырылуына қайшылықтар әкеледі.

**Қылмыстық топтар** төменгі, орташа және жоғарғы деңгейде ұйымдасқан қылмыстық топ болып жіктеледі.

**Төменгі деңгейде ұйымдасқан қылмыстық топтың** құрамында аз дегенде 10-ға жуық адам болады. Коммуникацияның топшілік құрылымына қарай олар фронтальді коммуникация типіне жатады (бастық-қатысушылар). Олардың қылмыстық іс-әрекеттері - эпизодтық рәкет, алаяқтық.

**Орташа деңгейде ұйымдасқан қылмыстық топтар** иерархиялық топшілік ұйым ретінде қызмет етеді (басшылардың және қызметкерлердің арасындағы қарым-қатынас құрылымы жағынан біршама күрделі болады). Мұндай топтар 10-нан аса адамдардан тұрады. Орташа деңгейде ұйымдасқан қылмыстық топтар – разведчиктерден, боевиктерден, телохранительдерден, финансистерден, аналитиктерден тұрады. Олардың негізгі қылмыстық іс-әрекеттері – тұрақты рәкет, қорқыту, шантаж, контрабанда, наркобизнес. Бұл қылмыстық топтар басқару органдарымен тұрақты байланыста болады.

**Жоғарғы деңгейде ұйымдасқан қылмыстық топ** өзінің жүйелі құрылымдылығымен ерекшеленеді – оларға аса күрделі иерархиялық басқару жүйесі тән, оларға тұрақты жеке кірістер әкеледі (банктік счеттер, жылжымайтын мүлік, тұрғын үй), фондтар, дүкендер мен мейрамханалар, казино, т.с.с. ие.

Бұл топтар кейде бірнеше мың адамдардан тұруы мүмкін. Олардың ұжымдық басқару орталықтары болады, үлкен әлеуметтік топтары бар тұрақты ұйымы, топшілік басқару нормалары, арнайы жүйелері мен ережелері, арнайы ақпараттары, ауданаралық, облысаралық байланыстары болады. Сонымен қатар, олар билік, құқық қорғау және сот органдарымен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

**Жоғарғы деңгейде ұйымдасқан қылмыстық топтың негізгі мақсаты мен мотивтері** – заңсыз түрде үлкен табыстарға ие болу (ойын автоматтары, жезөкшелікті басқару, қылмыстық қызметтерді атқару бизнестері, т.б.).



Сонымен бірге олар күш жұмсап қылмыс жасау арқылы да өз капиталын жинақтауға жаттығады.

Бұл топтар заңды экономикалық органдарды аса үлкен шығындарға ұшыратады.

Жоғарғы деңгейде ұйымдасқан қылмыстық топ-қоғамның өркендеуіне кедергі келтіретін ең негізгі қауіптің бірі. Олар өсіп келе жатқан жас ұрпақтың әлеуметтенуіне әсер етеді, қоғамдық нормаларды бұзады, экономика мен кредиттік-банктік жүйелерге аса қауіпті жағдайлар тудырады.

Ұйымдасқан қылмыстың жедел өсіп тұруы **қылмыскерлердің жаңа типінің қалыптасуына** әкеліп соғады. Орташа және жоғары ұйымдасқан қылмыстық топтардың мүшелері жеткілікті деңгейде жоғары білімді, экономика, құқық мәселелерімен, кеден ісі және кейбір технологиялық процестер, мәдениет пен өнердің жеке құндылықтарынан хабардар болып келеді. Олардың қылмыстық әрекеттерді жасаудың көптеген тәсілдері жаңа техниканы қолдануымен байланысты. Қылмыстық жолмен шет елдерден алаяқтықпен ақша алу шет тілдерді, банктік жұмыс пен халықаралық құқықтар негіздері туралы білімдерді білуді қажет етеді.

Ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелерінің интеллектуалдық потенциялының жедел дамып отыруы қоғамдық қауіптілікті күшейтеді. Олардың үштен екісін **18 бен 30 жас аралығындағы ересектер** құрайды. Бұл топтардың әрбір бесінші басшысы жоғары не орта білімге ие. Олар ұйымдастыру және болжау қабілетінің жоғарылығымен, жақсы дамыған аналитикалық интеллектімен ерекшеленеді.

Мемлекеттік лауазым иелері үшін: «Заңда нақты не көрсетілсе, соған ғана рұқсат» деп тұжырымдалады.

Құқықтық мемлекеттің маңызды қағидасы – барлық мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғаларға заң талаптарының орындалуын міндеттеуі. Заңдардың өзін қабылдайтын мемлекет пен оның органдары болғандықтан, заң талаптарын орындаттыру міндеттерін де, алдымен, сол мемлекеттің өзі мойнына алуы керек.

Қоғам дамуының қарапайым логикасының өзі, қандай жағдайда болмасын, заңдардың өмірлік тәжірибеде қолданылу мәселесінің шешілуін мемлекетке, оның органдарына апарып тірейді. Заңдарды іс жүзінде қолданушы да, заңдардың орындалуына мүдделі де, сондықтан олардың орындалуын қамтамасыз етуші де, заңды бұзушыларға ықпал ету тұтқаларын қолына жинақтаушы да мемлекет және оның органдары. Мемлекеттің және оның барлық органдарының, лауазымды тұлғалардың заң ережелерін бұлжытпай орындап отыруы – құқықтық мемлекет қалыптасуының ерекше маңызды шарты болып табылады.

Ата Заңымызда республикамыз өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам, адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жазылған болса, осы құндылықтардың сақталуын қорғауды, қадағалауды Ата заңда прокуратура органдарына жүктеген. Бұл-үлкен де жауапты міндет. Осы міндет үрдісінен

көріну прокуратура органдарының барлық жауапты қызметкерлерінің санасында бірінші кезекте тұратыны сөзсіз.

### **Қылмыстық психологиядағы жасөспірімдер мәселесі.**

Қылмыстық психологиядағы аса маңызды проблемаларының бірі-кәмелетке жасы толмағандар мәселесі. Жасөспірімдер психологиясының ерекшелігін білу-қылмысты тергеу барысында туындаған мәселелерді дұрыс шешуге, жасөспірім тәртіп бұзушыларды қайта тәрбиелеуге әсер етеді. Заң қорғау органдары қызметкерлерінің жасөспірімдер психологиясын білуінің маңыздылығы осында. Сол білімдерін пайдалана отырып, кәмелетке толмағандардың жеке тұлғасына дұрыс мінездеме бере алады, соған лайық түзету, тәрбие жұмыстарының тактикалық әдістерін пайдаланады. Алдын-ала жүргізілетін тергеуде кәмелетке толмаған тәртіп бұзушының жеке тұлғасы мына схема бойынша зерттеледі:

1. Тұқым қуалайтын биологиялық факторлар, ата-анасының біреуінің жүйке немесе психикалық ауруға бейімділігінің болуы, маскүнемдікке, наша шегу т.б. зиянды әдеттерге әуес болуы.

2. Жасөспірімнің ең жақын әлеуметтік ортасы, отбасы, ата-анасының әлеуметтік статусы, отбасындағы қарым-қатынастар, олардың қадірлейтін құндылықтары, мектептегі оқуға көзқарасы, мұғалімдермен қарым-қатынасы, сыныптағы баланың алатын орны, достары, олардың әлеуметтік дәрежесі.

3. Жасөспірімнің заң саналылығы.

Кәмелетке жасы толмаған күдікті немесе айыпталушының тұрмыс жағдайын, отбасы құрамын, оқу жағдайы, бірге жүрген достарының кімдер екендігін анықтау керек. Жасөспірім шақта адамның нерв жүйесінің қозу деңгейі өзгереді, яғни тежелу процесі төмендеп, қозу процесі жоғарлайды. Сыртқы әсерлерге реакциясы адекватты болмайды. Болып жатқан оқиғаларға араласып, өз мүмкіндіктерін сынап білгісі келеді, өз-өзіне баға береді. Осының бәрі тым жоғары сезімталдылық жағдайында өтеді. Сондықтан, тергеуші мен сот психологтың қатысуынсыз істеген қылмыстық әрекеттерді толық анықтай алмайды. Бұл жерде жасөспірімдер істері бойынша жүргізілетін психологиялық сараптамаңң маңызы зор. Жасөспірімнің қоғамға қарсы болу себептерін сарапқа салғанда оның заң саналылығының қалыптасу ерекшеліктерін зерттейді және олардың жеке типтік мінездемелермен салыстырады.

С.А.Беличева жасөспірім шақтағы мінез-құлықтың әлеуметтік ауытқуын былайша көрсетеді:

1. Пайдакүнемдік бағытта: құқық бұзушылық, материалдық, қаржылық, дүние-мүліктік пайда табуға байланысты жасайтын теріс әрекеттері.

2. Агрессиялық бағытта: адамға қарсы бағытталған балағаттау, ұрып-соғу, өлтіру, зорлау.

3. Әлеуметтік енжар тип: белсенді, өмір сүруден, азаматтық борыштарын өтеуден қашу және әлеуметтік мәселелерді шешкісі келмеу (жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, токсикомания, өз-өзіне қол жұмсау).

Кәмелетке толмаған жасөспірімнің жеке өзіне тән қасиетін ескеру қылмыстық-кодексте қаралған. Сондықтан да, тергеуші кәмелетке толмағандардың психологиялық ерекшеліктерін жақсы білуі және осы жайларды тергеу барысында ескеру керек. Жасөспірімдер үшін жекелеген қылмыстық жауапкершілігі 14 жастан және 16 жастан бастап заңмен қарастырылған қылмыстар үшін қылмыстық жауапқа тартылады.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс түрлерінің психологиялық алғышарттарын жан-жақты зерттеу қылмыспен күресуге бағытталған кешенді ұсыныстар жасауға мүмкіндіктер береді. Жасөспірімдер арасындағы қылмыс түрлерінің ішіндегі көп кездесетіні-нашақорлықпен айналысу. Нашақорлықпен айналысу аномия жағдайындағы топтарға тән. Аномия қоғамдағы басқа құбылыстар жағдайында дамиды. Көптеген жастар өздері үшін жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының өмірлік сценарийін жеткілікті көрмейді. Бейнеленген ахуалды кейбір жас адамдар өмірлік қажеттіліктің маңыздыларын іске асыруға қабілетсіз екендіктерін көрсетеді. Бұл құбылыстар жағымсыз эмоционалдық қолайсыздықтар туғызады да, жасөспірім дағдарысты жеңу үшін құралдар іздеуді туғызады. Наша бұл кезде уақытша қолайсыздықтан құтқаратын құрал болып табылады. Нашаны одан әрі жалғастыру жасөспірімнің жеке биологиялық алғышарттарына байланысты.

Бұл жерде жасөспірімдер істері бойынша жүргізілетін психологиялық экспертизаның зор маңызы бар. Егер тергеуші кәмелетке толмаған жастың ақыл – ой толықтығына күмәнданса, оның ой өрісінің дамуының жеткілікті дәрежеде екеніне күмәнданса, онда психологиялық экспертизаның зор маңызы бар. Бұл сараптама сот-психиатриялық сараптама өткізілгеннен кейін және жасөспірімнің мінез-құлқында, оның психологиялық дамуында артта қалушылық болуы мүмкіндігі туралы куәландыратын кейбір психикалық ауытқулар болған жағдайда ғана тағайындалады. Бірақ педагогикалық қараусыз қалу да, сабақ үлгерімінің төмендігі де кәмелетке толмағандардың психологиялық дамуындағы артта қалушылықтың көрсеткіші бола алмайды. Кәмелетке жасы толмағандардың психологиялық дамуындағы артта қалушылықтың белгілері мыналар:

біріншіден, мінез-құлқының және ойлау қабілетінің жетілмегендігі) іс-әрекеттері мен пікірлерінің жас деңгейіне сәйкессіздігі, оның инфантилділігі) өз бетінше ой қорыту қабілетінің жоқтығы;

екіншіден, себептердің қимылдың мазмұны мен мақсатына сәйкессіздігі;

үшіншіден, мінез-құлқының мақсаттылығы мен сын көзбен қарауында ауытқулар;

төртіншіден, мінез-құлқын әлеуметтік түзетуге қабілетсіздік.

Жасы кәмелетке толмағандарды алдын-ала тергеген кезде (допрос) жалпыға бірдей заңдылықтармен қатар, олардың жасына қарай, бірқатар ерекшеліктерді болатын есепке алу керек. Соның ішінде кішкентай балаларды тергеп сұрақтар қойғаннан гөрі, кей жағдайда олармен әңгімелесе өткізген немесе жай сұрақ қойып қылмыскер туралы мәлімет алуға ұмтылған жөн. Балалар күрделі оқиғаларды тұтас түсінбейді, олардың себеп-салдарын түсіне бермейді, оқиғаларды үзік-үзік, бөлек-бөлек қабылдайды. Оның орнына балада өмірлік

тәжірибе болмағанымен ойлу(фантазия, оймен көз алдына келтіру) яғни, қиялмен, оймен көз алдына келтіру қасиеті болады, бұл қасиет оларды заттарды, оқиғаларды ұмытуына көмектеседі. 11-15 жас аралығындағы көпшілігі білуге құштарлығы күшті болады, олар адамдармен тығыз араласуға ұмтылады, борыш, жауапкершілік ұғымдарды жақсы түсінеді, саналылығы жақсы дамиды. Бұл қасиеттері мәліметтерді жадына сақтауына және қайта айтып беруіне мүмкіндік береді. Ал 15-18 жас аралығындағы жастарда ересек адамдарға тән психикалық заңдылықтар болады, бірақ кейбір жігіттер мен қыздар өздерінше тәуелсіз болуға тырысып, адамгершілік -моральдық ұғымдарды асқақ түсініп оларға дұрыс баға бере алмайды.

Кәмелетке толмаған жасты тергегенде әрбір жағдайда оған алдын – ала мұқият дайындалу керек. Жасөспірім төңірегінде қандай адамдармен араласады, тұрмыс жағдайы қандай, ой-өріс дамуы қандай дәрежеде, неге икемді, немен қызықтанады, мінез ерекшеліктері қандай?

В.Л.Васильев жасөспірімдерді тергеудің(допрос) 5 этаптан тұратын позициясын мақұлдайды.

Нақты алғанда сұрау етудің бастапқы кезеңі, тергеуші жасөспірімнен ауызша анкеталық мәліметтер алады. Бұл жерде тергеушінің басты мәселесі-алдындағы адамның жеке тұлғасын дұрыс анықтау. Сұрап алудың екінші этапының мағынасы сұраушы мен сұраққа жауап беруші арасында психологиялық қарым-қатынастың тууы. Бұл кезеңдегі тергеушінің тақырыбы – кәдімгі іске байланысты сұралушының өмірбаянына, жұмысына, оқуына, бос уақытын қалай өткізуіне т.с.с. байланысты сұрақтар беріледі. Сонымен қатар, екеуі де бір-бірімен өзін қалай ұстау керектігін анықтайды, әңгіменің бағыт барысын, сөйлесу темпін, екпінін, бір-бірінің жағдайын анықтайды. Сұрақ алудың басты бөлімінде тергеуші сұрақ алушыдан қозғалған істер туралы негізгі мәліметтерді алуы керек, егер сұрақ алушы ойдағыдай ұйымдастырылған болса, тергеуші дегеніне жетеді. Одан соң тергеуші сұраққа алынған жауаптардағы мәліметтерді бұрыннан бар, өзіндегі мәліметтермен салыстырып көреді, қайшы келетін жерлерін түсінікті анық емес жерлерін анықтауға тырысады.

Сұрақ алудың қорытынды кезеңінде тергеуші сұрақ барысында алынған мәліметтерді хаттамаға жазып, жауап берушіге оны жазбаша көрсетеді, ол хаттамада жазылғандарды дұрыстап қол қояды. Осы кезеңде жауап берушінің өзіне ғана тән сөз қолдану ерекшеліктерін есте сақтау өте маңызды екенін ұмытпаған жөн.

Біліктілікпен, барлық материалдарды біле отырып, жасөспірімнің жеке тұлғасының ерекшеліктерінде ескеріп жүрген жөн. Оның шындықты жасырып жауаптан қашудың парақор әрекет екенін, оның қылмыстық әрекетін әшкерелеп қылмыстың ертелі-кеш ашылуының айдан анық және жазадан құтылу мүмкін еместігін, оның қылмыскер үшінде, тума-туысқандары үшінде соңы қандай болатындығын ескерткен жөн.

Қазіргі уақытта дәрігер-психиатрлар, ғалым-дәрігерлер назары шекаралық құбылыстарға аударып отыр. Атап айтқанда, Личко жасөспірімнің мінезіндегі бұрмалаулар, яғни патологиялық құбылыстар, психопатиялар басталатын

нормалардың көрінуін жеткілікті түрде терең зерттеді. А.Е.Личко бұрмаланудың 11 түрін атап көрсетті.

Олардың басты айырмашылығы-кез-келген тежеудің қиындыққа түсетіндігі (тежегіштің жоқтығы, шу қозғалғыштық, мінез-құлықтың тұрақсыздығы).

Бұрмаланудың басты типтері жасөспірім құқық бұзушылар арасында жиі кездеседі.

Психологиялық сараптама жүргізу процесінде 12-16 жас арасындағы кәмелетке толмағандардың қылмысы бойынша 62 қылмыстық іс талданды, қылмыстық мінез құлықтың механизмдері зерттелді. Барлық сараптамадан өтушілер шартты түрде екі топқа бөлінді.

- жалғыз өзі зорлық жасағанлар (22,5%)
- топпен зорлық жасағанда (77,5%)

Сараптама мәліметтерін кешенді жан-жақты талдау негізінде қоғамға жат қылық жасауды қалыптастыруға ықпал ететін жеке типологиялық, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық факторларды анықтайтын белгілер кешенін атап көрсетті.

Бірінші топтағы жасөспірімдердің 40%—да жыныстық жетілу ерте басталған, ал екінші топта 30% оның үстіне бұла қылмыстық топтың жетекшілері болған.

Екі топтағы зорлықшыл жасөспірімдік адамгершілік пайымдауы олардың жеке тұлғасының тұрақсыз жүйесін көрсетті. Оларды адамгершілік және адами құндылықтар туралы түсінігі теңбе-тең емес мәнге ие. Қылмыстардың ерекшелігі видеопарнографияға қарағанда сексуальды ерте ынталанумен анықталады.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қылмыстарын кешенді психологиялық талдау қылмыстың алдын алумен тексеру процестерін оңтайландыруға, сондай-ақ қылмыстың аталған категориясының криминальдық өлшемдерін психологиялық факторларды ескере отырып жасақтауға мүмкіндік береді.

Психологиялық бұзылуға, мінездің бұрмалануына әкелетін себептер мидың бұзылуымен (туғаннан ауру, бас-мидың зақымдануы, ауыр уланулар) байланысты, сондай-ақ отбасы тәрбиесі жағдайы бірінші орында тұратын әлеуметтік факторлармен де байланысты. Бұл факторлардың бі-бірімен байланыстылығы сондай, тіпті жасөспірімнің психологиялық ауытқуларының бастапқы себептерін анықтарда қиындықтар туғызады. Бұрмаланған жасөспірімнің мінез-құлқын түзету аталған бұрмаланудың негізінде жатқан тек өзіне тән ерекшеліктері бар қатаң жүйе жеке қарауды талап етеді. Егер тәбие жұмысында бұрмаланған балалар мен жасөспірімдердің жеке тұлғалық ерекшеліктерін елемесе, жекелеп қараудың орнына билеушілік әдісті қолданса, онда жүйке тозуы, мінез-құлықтың өзгеруі әбден мүмкін.

А.Е.Личконың мәлімдеуі бойынша, ұсақ ұрлық, төбелес, тентектік байқалатын деликвенттік мінез-құлық жасөспірімнің 40-да байқалды. Кәмелетке толмаған құқық бұзушылар мектебінде 151 оқушыны зерттеуде оқушылардың 60 түрлі жүйке-психикалық ауытқуларды (мидың

зақымдалуынан кейінгі невротикалық құбылыстар, психикалық дамудың кешігуі сияқты) анықталды.

Бұл фактілердің барлығы кәмелетке толмағандардың мінез-құлқын педагогикалық түзетудің, сондай-ақ дәрігерлік араласу мен емдеудің қажеттігін көрсетіп отыр.

Бірақ дәрігердің араласуы көбіне қажетті нәтиже бермейді. Өйткені, ол жүйке-психикалық бұзылушылықты туғызатын себептердің барлығын жоя алмайды. Бірінші орынды ақыл-ой және психофизиологиялық дамуда кешігуге әкелетін әлеуметтік мәндегі себептер алады.

Жүйке-психикалық ауытқулармен қатар ерекше мәселе. Ол ақыл-ойында артта қалуы бар балаларды әлеуметтік бейімдеу. Арнайы зерттеулер олигофрендерде қылмысқа жақын болудың жоқтығын көрсетті. Олардың бағдарламаларды игеруге, күрделі емес мамандық алуға, қоғамның пайдалы мүшесі болуға мүмкіндігі бар.

Бірақ та ақыл-ойдың кемістігі бұл балаларда олардың әлеуметтік бейімделуін қиындатады. Өздерінің сенгіштіктерінің кесірінен ересектердің ықпалында кетіп, қылмысқа барулары да мүмкін. Бұл жұмыстарды алдын-алу жұмыстарында және арнайы тәрбиелік мекемелерде ескермеуге болмайды.

Көп жағдайда «қиын» жасөспірімнің жеке тұлғасын қалыптастырудың негізгі шаты отбасындағы қолайсыз ахуал болып табылады. Мысалы, ата-аналардың жиі ұрсысуы, дене жазалаулары тежеу процестерінің бұзылуына, ашушаңдыққа, ұстамдылықтың жоқтығына әкеледі. Көбіне мынадай жеті жағымсыз жағдай кездеседі: ашу шақыру, ерегесу, қанағаттанбау, жауыздық, қорқыныш, сенімсіздік, жалғыздық, немқұрайлылық.

Қазіргі заманғы жасөспірімдердің қажеттіліктерінің өсуі оларды қанағаттандыру мүмкіндігінің өсіуінен алға озып отырады.

Сән, ғажайыптар, магнитофон, мотоциклдер, шылым, спирттік ішімдіктер осылардың барлығы қазіргі 15-16 жастағылардың қажеттілігіне кіреді. Олардың ұраны –«маған керек».

Жасөспірімдердің (14-17 жас) және жастардың девианттық мінез-құлқының жалпыға бірдей себептері бар. Алдымен бұл бірдей таратылған немесе өсетін қажеттіліктер мен оларды қанағаттандырудың түрлі мүмкіндігімен арадағы қарама-қайшылықтар.

Ауытқулы мінез- құлық пен қоғамға қарсы сананың бірлесуінің бөлінуі жобамен төмендегідей:

1. Кездейсоқ топ. Сауық кештерде, стадионда немесе басқада жерлерде төбелес шығаратын, өздерінің жазылмаған заңдары мен нормалары бар топ. Мұндай топқа кіру әлеуметтік бақылаудан босау деген сөз.
2. Ретристік топтар. (ретризм деп әлеуметтенуде немесе психологияда шындықтан қашу деген сөз.) Ретристік топтардың негізгі жұмысы босқа уақыт өткізу, түсініксіз көңіл көтеру, токсикология мен нашақорлық.
3. Жаугерші топ. Лауазым сатысы құндылықтарының қарабайыр түсініктеріне негізделген. Ол бізге ерте ежелден өзгермеген күйде жеткен. Жаугершіл топтың өзіне тән ерекшелігі – қатаң лауазымдық сатылық құрылым, оның мүшелеріне күшті топтық қысым. Олардың

негізі – «біз-олар» сияқты қарама-қарсы қоюшылық. Жасөспірімдер арасында кездесетін топтар сан-алуан. Оларды біріктіретін нәрселер де әр түрлі. Сондықтан, топтық қылмыспен жұмыс жасайтын заңгердің ескеретіні топтық мінез-құлықтар заңдылықтарын негізге алуы керек. Референттік топтарда тұлға болмауы мүмкін,бірақ өзінің қатысы бар топтың пікіріне,көзқарасына үйренгендігі сонша,олар жасөспірімнің мінез-құлқына әсер ететіні қазіргі топтарда байқалып жүр. Қазіргі кезде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алудың нақты жалпы мемлекеттік жүйесі жасақталуы тиіс және бұл іске жұртшылық пен халықты кеңінен тарту керек.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Еникеев М.Х. «Общая и юридическая психология», 1998 ж.
2. Чуфаровский Ю.В. «Юридическая психология», 1995 ж.
3. Романов В.В. «Юридическая психология», 1998 ж.
4. Васильев В.Л. «Юридическая психология», 1991 ж.
5. Ағыбаев А.Н. «Қылмыстық құқық», Алматы, 2000 ж.
6. Алауханов Е.Қ. «Қылмыстық құқық», Алматы, 2001 ж.
7. Антонян Ю.М., Гульдан В.В. «Криминальная патопсихология» - М.: Наука, 1991.
8. Коченов М.М. Введение в судебно-психологическую экспертизу. М.: 1980 г.



## Мазмұны

1. Алғы сөз.....	3
2. Заң психологиясы пәні, зерттеу әдістері.....	4
3. Азаматтық қауымдағы құқықтың психологиялық фактор ретіндегі қалыптасуы.....	7
4. Тергеу психологиясы.....	12
5. Сот психологиясы.....	14
6. Қылмыстық істердегі сот - психологиялық араптама.....	15
7. Қасақана қылмыскерлер типтері.....	16
8. Күдіктінің психологиясы.....	18
9. Жәбірленушінің психологиясы.....	20
10. Куәгер психологиясы.....	20
11. Ұйымдасқан қылмыстық топтың психологиялық негіздері.....	21
12. Қылмыстық психологиядағы жасөспірімдер мәселесі.....	26
13. Пайдаланылған әдебиеттер.....	32



Формат 60x84 1\12  
Объем 35 стр., 3 печатных листа  
Тираж 20 экз.  
Отпечатано  
В Редакционно- издательском отделе  
КГУТиИ им.Ш.Есенова  
г.Актау, 32мкр.